



Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 7 ақпан N 3350. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1997.11.03. N 3723 жарлығымен. ~U973723

"Қазақстан Республикасының Президенті жанынан Жоғары экономикалық кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 11 сәуірдегі N 2946 U962946_ Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Мыналар бекітілсін:

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңестің құрамы (қоса беріліп отыр);

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Жоғары экономикалық кеңес туралы Ереже (қоса беріліп отыр).

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 7 ақпандағы
N 3350 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Жоғары экономикалық кеңестің
ҚҰРАМЫ

Назарбаев Н.Ә. - Қазақстан Республикасының
Президенті, Жоғары экономикалық
кеңестің Төрағасы
Өтембаев Е.Ә. - Жоғары экономикалық кеңес

Төрағасының орынбасары
Оразбақов Ғ.І. - Жоғары экономикалық кеңес
Хатшылығының меңгерушісі, Жоғары
экономикалық кеңестің хатшысы

Жоғары экономикалық кеңестің мүшелері:

Әзімов Р.Ж. - Қазақстан халықаралық агроөнеркәсіп
биржасының президенті
Дүйсенов Д.Т. - Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары
Жандосов О.Ә. - Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкінің Төрағасы
Кәкімжанов З.Х. - Қазақстан Республикасы Халықтық
Банкінің Төрағасы
Кенжеғозин М.Б. - Қазақстан Республикасының Ғылым
министрлігі - Ғылым Академиясы
Экономика институтының директоры
Марченко Г.А. - Қазақстан Республикасының Құнды
қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясының Төрағасы
Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы
министрінің орынбасары
Нәрібаев К.Н. - Әл-Фараби атындағы Қазақ
Мемлекеттік ұлттық университетінің
ректоры
Петрофф Дж. - Қазақстан Республикасы Президентінің
жанындағы Қазақстан Менеджмент,
Экономика және Болжамдау
институтының атқарушы директоры
Радостовец Н.В. - Қазақстан Республикасы Баға және
монополияға қарсы саясат жөніндегі
мемлекеттік комитетінің Төрағасы
Тәжин М.М. - Қазақстан Республикасы Президентінің
Әкімшілігі Басшысының орынбасары-
Президент Әкімшілігінің Талдау
және стратегиялық зерттеулер
орталығының жетекшісі
Школьник В.С. - Қазақстан Республикасының Ғылым

министрі - Ғылым Академиясының
президенті
Шүкеев Ө.Е. - Қазақстан Республикасының
Экономика министрі

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 7 ақпандағы
N 3350 Жарлығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Жоғары экономикалық кеңес туралы
ЕРЕЖЕ

I. Жалпы ережелер

1. Жоғары экономикалық кеңес Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

2. Жоғары экономикалық кеңес қызметінің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, Қазақстан Республикасы Президентінің актілері, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік актілері, сондай-ақ осы Ереже құрайды.

II. Жоғары экономикалық кеңестің негізгі міндеттері

3. Жоғары экономикалық кеңестің негізгі міндеттері:

1) стратегиялық сипаттағы әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешу жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

2) Мемлекет басшысы үшін экономиканың, оның негізгі салалары мен секторларының жай-күйі туралы баяндамалар мен талдау материалдарын даярлау;

3) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары бойынша ұсыныстар әзірлеу;

4) шет елдерде, соның ішінде өтпелі экономикасы бар елдерде, экономикалық

реформаларды жүзеге асыру тәжірибесін зерделеу және оны Қазақстанда қолдану жөнінде ұсыныстар даярлау;

5) мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігі мәселелері жөнінде ұсыныстар даярлау;

6) Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де міндеттер болып табылады.

III. Жоғары экономикалық кеңестің құрамы

4. Жоғары экономикалық кеңестің құрамына Төраға, Төрағаның орынбасары және Жоғары экономикалық кеңестің мүшелері кіреді.

5. Қазақстан Республикасының Президенті Жоғары экономикалық кеңестің Төрағасы болып табылады. Жоғары экономикалық кеңестің Төрағасы оның қызметіне басшылық етеді, Жоғары экономикалық кеңестің отырыстарында күн тәртібін бекітеді және төрағалық етеді.

6. Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары болады, ол Төраға орнында болмаған кезде оның міндеттерін атқарады және Жоғары экономикалық кеңестің Хатшылығына жалпы басшылықты жүзеге асырады.

7. Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасарын Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босатады және ол тікелей Президенттің басшылығымен жұмыс істейді.

8. Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілу жағдайлары жөнінен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарына теңестіріледі.

9. Жоғары экономикалық кеңестің жеке құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

10. Жоғары экономикалық кеңестің мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады, Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының және оның орынбасарының тапсырмаларын орындайды, мезгіл-мезгіл өз жұмысы туралы есеп беріп отырады.

11. Жоғары экономикалық кеңестің отырысы, егер оған мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, құқылы болады. Жоғары экономикалық кеңестің отырыстары қажеттілікке қарай, әдетте, үш айда бір рет өткізіледі.

IV. Жоғары экономикалық кеңестің өкілеттіктері

12. Жоғары экономикалық кеңес өзіне жүктелген міндеттер мен функцияларды орындау үшін:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппаратынан, Қазақстан

Республикасының Ұлттық Банкінен, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардан, министрліктерден, мемлекеттік комитеттерден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдардан, лауазымды адамдар мен ұйымдардан өз құзыретіне жататын мәселелер жөнінде қажетті материалдарды сұратуға және алуға;

2) мемлекеттің экономикалық даму проблемаларын шешу жөніндегі ұсыныстар мен ұсынымдарды даярлау үшін жетекші ғалымдар мен мамандардың, соның ішінде шетелдік ғалымдар мен мамандардың қатысуымен ведомствоаралық комиссиялар, жұмыс топтары мен өзге де ұйымдық нысандарды құруға;

3) Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен және экономикалық ведомстволармен бірлесіп экономика саласындағы ғылыми зерттеулердің тақырыбын айқындауға хақылы.

13. Жоғары экономикалық кеңестің Мемлекеттік елтаңба бейнесі мен мемлекеттік және ресми тілдерде жазылған өз атауы бар жеке бланкісі болады.

14. Жоғары экономикалық кеңестің шешімдері хаттамамен ресімделеді және оларға Жоғары экономикалық кеңес Төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша Төрағаның орынбасары қол қояды. Қажет болған жағдайда Жоғары экономикалық кеңестің шешімдері Қазақстан Республикасы Президенті актілерімен іске асырылуы мүмкін.

V. Жоғары экономикалық кеңестің қызметін қамтамасыз ету

15. Жоғары экономикалық кеңестің қызметін Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің құрылымдық бөлімшесі болып табылатын Жоғары экономикалық кеңес хатшылығы қамтамасыз етеді.

16. Жоғары экономикалық кеңес Төрағасының орынбасары:

1) Хатшылық жұмысының ұйымдастырылуы, өзіне жүктелген міндеттердің орындалуы мен осы Ережеде белгіленген құқықтардың іске асырылуы үшін жеке-дара жауап береді;

2) Хатшылық құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасы Президентінің актілері мен тапсырмаларының уақытылы орындалуы үшін жауап береді;

3) Жоғары экономикалық кеңестің құжаттамасына қол қояды.

17. Жоғары экономикалық кеңестің құрылымы мен санын Кеңес Төрағасы орынбасарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Әкімшілігінің Басшысы бекітеді, Кеңес Хатшылығының қызметшілері Президент Әкімшілігінің қызметшілері болып табылады.

18. Жоғары экономикалық кеңес Хатшылығын Қазақстан Республикасының

Президенті Әкімшілігінің Басшысы мен Жоғары экономикалық кеңес Төрағасы орынбасарының ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босататын және Хатшылықтың қызметіне тікелей басшылықты жүзеге асыратын Меңгеруші басқарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ